

"Қостанай қаласы әкімдігі білім бөлімінің №1 Балалар музыкалық мектебі"  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының  
**ЖАРҒЫСЫНАН үзінді**  
**(ҚҚӘБ №041040004448, 14.01.2014 ж.)**

## 1. Жалпы ереже

1.2. "Қостанай қаласы әкімдігі білім бөлімінің №1 Балалар музыкалық мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, бұдан әрі – Кәсіпорын жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының басқа да заңдарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қаулыларына, өкімдеріне, бұйрықтарына және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

## 2. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

2.4. Кәсіпорын оқу процесін ұйымдастыруда толық тәуелсіздікке ие. Өз қызметін жергілікті әлеуметтік-экономикалық жағдайларды, ұлттық және аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясына және білім туралы Заңға сәйкес, жариялылық пен демократия қағидаттары негізінде жүзеге асырады.

2.5. Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен оқу жоспарына, оқу бағдарламаларына сәйкес жұмыс істейді. Мектепке түсушілердің оқу мерзімі, мазмұны және жасы оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес мектеп органымен анықталады. Мектепте 5-6 жастан (дайындық тобы) 18 жасқа дейінгі балалар оқиды. Бірінші сыныпқа 10 жастан аспаған балалар қабылданады.

2.6. Мектепке түсу құқығын Қазақстан Республикасының аумағында тұратын барлық азаматтар пайдаланады. Шет мемлекеттердің азаматтары мектепке жалпы негізде қабылданады.

2.7. Мектепке түсу кезінде әңгімелесу түрінде балалардың қабілеттерін тексеру жүргізіледі. Қабылдау конкурстық негізде өткізіледі және мектеп бойынша шығарылған бұйрықпен ресімделеді. Мектепке қабылданған оқушылардың ата-аналарымен Шарт жасалады. Өтініштерді қабылдау және әңгімелесулерді өткізу тәртібі мен мерзімдерін мектеп әкімшілігі айқындайды.

## 3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

3.1. Кәсіпорын қызметінің мәні – қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру.

3.2. Кәсіпорын жұмысының мақсаты әр оқушының жеке ерекшеліктерін дамыту, тек осы адамға тән ерекше қабілеттерді ескере отырып, шығармашылық тұлғаны қалыптастыру үшін нақты жағдайлар жасау, қол жетімді және сапалы мемлекеттік қызметтерді қамтамасыз ету болып табылады.

3.3. Осы мақсатқа жету үшін Кәсіпорын келесідей қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) Жалпы білім беретін мектеппен бірлесіп балалардың түрлі өнер түрлеріне қабілетін жан-жақты дамыту, оларды рухани тәрбиелеу үшін барынша қолайлы жағдайлар жасайды.

2) Гуманитарлық ортада бейіндік оқыту арқылы оқушылардың әртүрлі қызмет түрлеріне тиісті дайындығын қамтамасыз етеді.

3) Дарынды балаларға олардың жеке мүмкіндіктерін дамыту және іске асыру үшін оңтайлы мүмкіндіктер береді. Музыкалық педагогиканың жетістіктерін жинақтайды, насихаттайды және музыка мектептері мен өнер мектептерінің жұмысына енгізеді.

4) Балалар өнер мектептері арасында тығыз шығармашылық байланыс орнатады, оларға қажетті көмек көрсетеді.

5) Музыкалық білім беру мен тәрбиелеудің негізгі проблемалары бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлейді.

6) Қала мен облыс көлемінде түрлі мәдени-ағарту іс-шараларын, фестивальдар мен конкурстарды дайындауды және өткізуді жүзеге асырады.

7) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тізбе бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетеді.

3.4. Кәсіпорын қоғам мен мемлекет алдында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың таңдалған нысандарының оқушылардың жас ерекшелік психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкестігі, осы типтегі оқу орнының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жауап береді.

## **5. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру**

5.1. Оқу-тәрбие үрдісі музыка мектебінің педагогикалық тұрғыдан тиімді деп тапқан оқу жоспарларына, бағдарламаларына, түрлеріне, білім беру мен тәрбиенің әдістері мен құралдарына сай құрылады.

5.2. Музыка мектебі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына негізделген жеке оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша жұмыс істейді, оларды мектептің педагогикалық кеңесі қарайды және Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің келісімі бойынша мектеп директоры бекітеді.

5.3. Оқу жылының басталу және аяқталу күнін, оқу тоқсандары мен мектеп каникулдарының ұзақтығын республикалық мемлекеттік билік органдары айқындайды.

Оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы мен реттілігі атқарушы орган - мектеп директоры бекіткен мектеп кестесімен анықталады.

5.4 Оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың өлшем бірлігі мен негізгі нысаны 40 минутқа созылатын сабақ болып табылады.

5.5. Балалар музыка мектебінің ағымдағы үлгерімін бағалау үшін балл жүйесі немесе сапалы бағалау қолданылады.

5.6. Мектептегі бақылау іс-шаралары оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жоспарланады және өткізіледі.

5.7. Мектеп бітіру емтихандарын тапсырмаған оқушылар мектепті куәлігіне жазылған "тыңдады" деген жазумен немесе музыка мектебінде оқу кезінде өткен пәндер бойынша үлгерімі туралы анықтама ала отырып бітіруі мүмкін. Куәлік немесе анықтама беру туралы шешімді педагогикалық кеңес қабылдайды.

5.8. Мектеп бітіру емтихандары кезінде ауырып қалған оқушыларға үздік және жақсы үлгерімі болған жағдайда қорытынды бағалар негізінде мектепті бітіргені туралы куәлік берілуі мүмкін.

5.9. Мамандық бойынша мектеп бітіру емтиханын тапсырмаған оқушы толық курсты тыңдағаны туралы анықтама бере отырып Балалар музыка мектебінен шығарылады.

5.10. Жүйелі үлгермегені үшін (екі оқу тоқсанының қорытындысы бойынша және академиялық тыңдауда "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған жағдайда) немесе көптеген сабақтарды дәлелсіз себептермен өткізбегені үшін аттестаттаудан өткізілмеген жағдайда білім алушы мектептен шығарылуы мүмкін.

Мектептен шығару төтенше шара ретінде қарастырылады. Мектептен шығару туралы шешімді мектептің педагогикалық кеңесі қабылдайды.

5.11. Оқу-тәрбие процесі білім алушылар мен педагог қызметкерлердің адами қадір-қасиетін өзара құрметтеу негізінде жүзеге асырылады.

5.12. Кәсіпорынның тәрбие бағдарламалары білім беру процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және азаматтық пен патриотизмді, кіші Отанға деген сүйіспеншілікті, Мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді, халықтық дәстүрлерді құрметтеуді қалыптастыруға бағытталған.

5.13. Білім беру ұйымдарындағы тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5.14. Нәсілдік, этникалық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айрықшалықты насихаттауға, милитаристік және халықаралық құқық пен гуманизмнің жалпыға бірдей танылған қағидаттарына қайшы келетін өзге де идеяларды таратуға тыйым салынады.

## **6. Білім беру процесінің қатысушылары**

6.1. Білім алушылар, педагог қызметкерлер, білім алушылардың ата-аналары (немесе оларды алмастыратын адамдар) мектептегі білім беру процесінің қатысушылары болып табылады.

## 6.2. Музыка мектебінің оқушылары құқылы:

- 1) музыка мектептері мен өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспары бойынша бастауыш музыкалық білім алуға;
  - 2) тиісті бейіндегі басқа мектепке ауысуға немесе оқуға түсуге;
  - 3) қолайлы психологиялық және санитарлық-тұрмыстық жағдайларға;
  - 4) адамның қадір-қасиетін құрметтеуге, ар-ождан мен ақпарат бостандығына, өз көзқарастары мен нанымдарын еркін білдіруге;
  - 5) өзінің заңды құқықтары мен бостандықтарын қорғауға.
- б) Медициналық көрсеткіштер бойынша және өзге де ерекше жағдайларда білім алушыға академиялық демалыс берілуі мүмкін.

6.3. Балалар музыка мектебінің оқушылары мектеп оқытушылары мен басқа да қызметкерлерінің талаптарын орындауға, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға міндетті:

- 1) барлық сабақтарға, оқуларға және дайындықтарға қатысу;
- 2) адал білім алу, мектептің оқу жоспары көлемінде білімді, біліктілік және практикалық дағдыларды игеру;
- 3) өз денсаулығына қамқорлық жасау, рухани және физикалық жетілуге ұмтылу;
- 4) басқа білім алушылардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу;
- 5) мектеп мүлкіне ұқыпты қарау;
- б) мектептегі мінез-құлық ережелеріне сәйкес өзін-өзі ұстау, үзілісте, қоғамдық іс-шараларда мінез-құлық мәдениетін сақтау.

6.4. Тәрбиеленушілер осы Жарғының және кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерінің талаптарын сақтауға міндетті.

6.5. Тәртіп бұзғаны үшін оқушыларға тәртіптік шаралар қолданылуы мүмкін.

6.6. Кәсіпорында оқытудың, тәрбиелеудің, еңбек пен демалыстың салауатты және қауіпсіз жағдайларын жасау үшін жауапкершілік қосымша білім беру педагогтарына жүктеледі.

6.7. Азаматтардың музыкалық білім алу құқығын сақтау жауапкершілігі Кәсіпорын басшысына және Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөліміне жүктеледі.

6.13. Жалпы, сыныптық және басқа да ата-аналар жиналыстарында ата-аналар қоғамдастығы тарапынан кәсіпорынға көмек ұйымдастыру, оқу, санитарлық және басқа іс-шараларды өткізу үшін қоғамдық бастамашыл топтар құрылуы мүмкін, олардың жұмыс істеу тәртібі мен мерзімі өндірістік қажеттілікпен анықталады.

6.14. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен басқа да заңды өкілдері келесідей құқықтарға ие:

- 1) әлеуметтік қорғалмаған санаттағы оқушылардың тиісті құжаттарды ұсынған жағдайда олардың оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер;
- 2) ата-аналар комитеті арқылы балалар ұжымының басқару органдарының жұмысына қатысу;
- 3) өз балаларын оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша консультациялық көмек алу.

6.15 Білім беру процесіне қатысушылардың өзара қарым-қатынасы қолданыстағы заңнамаға сәйкес "Музыкалық білім беру бойынша ақылы қызмет көрсету туралы шартпен" реттеледі.

### **17. Білім алушылардың білімін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізудің нысандары мен тәртібі**

17.1. Кәсіпорын білім алушылардың білім беру бағдарламаларын меңгеруін бақылау мақсатында үлгерімді ағымдағы бақылауды жүзеге асырады және білім алушыларды аралық аттестаттаудан өткізеді.

17.2. Кәсіпорын білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды және аралық аттестаттауды жүзеге асырудың нысандарын, тәртібі мен кезеңділігін өз бетінше таңдай алады.

Білім алушылардың бағдарламалық материалды меңгеруіне ағымдық бақылауды педагогтар жүзеге асырады, үлгерімді есепке алу сынып журналдарында белгіленген жүйе бойынша жүргізіледі.

17.4. Кәсіпорын білім алушылардың ата-аналарына (өзге де заңды өкілдеріне) оқу және тәрбие процесінің барысы мен мазмұнымен, сондай-ақ білім алушылардың үлгерімімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Білім алушыларды аралық аттестаттауға ата-аналардың қатысуына тыйым салынады.

17.5. Білім алушыларды аралық аттестаттау оқу жылы ішінде өткізіледі. Оқу пәндерінің тізбесін, қажеттілігін, нысандары мен мерзімдерін Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары негізінде әзірленген оқу жоспары мен оқу бағдарламаларына сәйкес белгілейді.

17.6. Білім беру бағдарламасын игеру түлектердің міндетті қорытынды мемлекеттік аттестаттауымен аяқталады, оның тәртібі мен мерзімдерін педагогикалық кеңес анықтайды.

17.7. Кәсіпорын оқудың толық курсы бітірген және қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан өткен білім алушыларға мектепті бітіргені туралы белгіленген үлгідегі куәлік береді.

Мектеп директоры



Г. Кучикова